

Қарғалы ауданының Бадамша ауылдық округін құру туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаттың үшінші сессиясы мен облыс әкімінің 2000 жылғы 23 ақпандағы N 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 24 сәуірде N 476 тіркелген

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "Батамша поселкелік", "Батамша поселкесі" сөздері "Бадамша ауылдық", "Бадамша ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 Заңы 11 бабының 3) тармақшасына сәйкес жасалған Қарғалы ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсынысы негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімі **Шешім етті:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Әкімшілік орталығы Бадамша ауылы Бадамша ауылдық округі құрылсын, сызба-картаға сәйкес оның құрамына елді мекендер мен жалпы көлемі 1557 гектар аумақ кіргізілсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қайтадан құрылған Бадамша ауылдық округін ұстау шығыны 2000 жылғы аудан әкімі аппаратының аудан орталығын дамыту бөлімін ұстауға қаралған лимит көлемінде жүргізілсін.

3. Облыстық статистика басқармасы (А.Д. Мұқаев) облыстық әкімшілік-аумақтық бірліктердің есептік мәліметтеріне тиісті өзгерістер енгізілсін.

4. Облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (М.Н. Жекеев) ауданның әкімшілік-аумақтық құрылысына енгізілген өзгерістерге сәйкес жер-кадастр құжаттарын тәртіпке келтірсін.

Ескерту. 4 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Облыстық Мәслихат сессиясының төрағасы

Облыс Әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК